

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетін құру туралы<\*> ЕСКЕРТУ. Атауы өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. 1998 жылғы 27 қаңтардағы N 38 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.01.22. N 72 қаулысымен.

<A href="#">Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетін құру туралы

; ЕСКЕРТУ. Атауы өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.01.19. N 31 қаулысымен. ">

;

### **ЕСКЕРТУ. Атауы өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.**

Этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндіру және олардың айналымы саласында бақылауды нығайту және тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) құрылсын.

### **ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.**

#### 2 . К о м и т е т к е :

орталық және жергілікті атқарушы органдардың этиль спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына бақылау жасау мәселелеріндегі қызметін салааралық үйлестіру;

қазақстандық тауар өндірушілер мен этил спирті мен алкогольді өнімдерді тұтынушылардың мүдделерін қорғау;

этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің ж о б а л а р ы н ә з і р л е у ;

өз құзыретінің шегінде этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына бақылау жасау жөніндегі нормативтік және әдістемелік құжаттамаларды әзірлеу, қабылдау және жариялау;

этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндіруді лицензиялау, этил спиртін сақтау және сату, алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтау және көтерме сату

;

Қазақстан Республикасының кеден аумағында этил спирті мен арақтың импортының көлемдеріне бақылау жасау;  
заңдарда белгіленген тәртіппен этил спирті мен арақтың импортын лицензиялау;

дәрі-дәрмектер шығарушыларға және Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын басқа да мақсатты, әлеуметтік маңызы бар бағыттарға этил спиртінің акциздер алмастан берудің көлемдерін айқындау, олардың пайдаланылуына бақылау жасау;

этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндіретін кәсіпорындардағы акциздік постылардың жұмыс істеуіне бақылау жасау;

этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндірудің көлемдеріне есеп жүргізуді ұйымдастыру, акциздік маркаларды іске асыру, этил спиртінің сақтау және сату, алкогольді өнімдерді сақтау және көтерме сату;

этил спирті мен алкогольді өнімдерді өндіру мен олардың айналымын талдау және баланстарын жасау, акциздік маркаларды, акциздердің бюджетке түсуін іске асыру жүктелсін.

3. Комитетте қызметкерлерінің саны қосымшаға сәйкес министрліктер мен ведомстволардың штат санының қысқаруының есебінен 20 адам болып және 1 қызмет машинасының лимиті белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі: республикалық бюджетте орталық атқарушы органдарды ұстауға арналып көзделген қаражаттың есебінен Комитет пен оның аумақтық бөлімшелерін ұстауды қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

**ЕСКЕРТУ.** 4-тармақтың 2,4 абзацтары алып тасталды - ҚР Үкіметінің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

5. Қазақстан Республикасының министрліктері мен басқа да орталық атқарушы органдары бұрын қабылданған шешімдерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 27 қаңтардағы

N 38 Қаулысына

қосымша

**Адамдарының саны қысқартылатын және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетіне берілетін, министрліктер**

ТІЗБЕСІ

ЕСКЕРТУ. Қосымша атауы өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

Министрліктер мен ведомстволар	Санының қысқаруы (бірлік)
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	2
Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі	1
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	2
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	1
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	1
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	2
Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі	1
Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі	1
Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі	1
Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі	1
Қазақстан Республикасының Ғылыми министрлігі - Ғылым академиясы	1

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі комитеті		1	
Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті		1	
Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі		2	
Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің Стандарттау және метрология жөніндегі комитеті		1	
Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі		1	
Б а р л ы ғ ы		2 0	